



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ - БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ КЕШЕНІ

ҚР-ның Алматы қаласында орналасқан Қазақ мемлекеттік университеті <https://www.kaznu.kz> 1934 ж құрылған болатын. Университетке 1993 жылдың 9 қаңтарынан бастап әлемнің екінші ұстағы атанған әл-Фараби атамның аты берілді. Бұл оқу ордасы қазіргі таңда Қазақстан Республикасының басты жоғарғы оқу орны ретінде мақтанышы және де он алты факультет бар. Әр бір факультеттің ғылым мен білім беру жолында өз даму тарихы бар. Соның бірі - физика – техникалық факультеті. Ол 1934 жылы 15 қаңтарда физика – математикалық факультеттің бөлімі ретінде профессор В.Ф.Литвиновтың басшылығымен құрылған. 1959 жылы мамыр айында бөлек, дербес физика факультетіне айналды. Қазіргі таңда факультет бакалавриат бойынша мамандықтар даярлайды, мысалы:

- 1.5B060400 – физика-4 жыл, күндізгі бөлім;
- 2.5B060500 – ядролық физика – 5 жыл, күндізгі бөлім;
- 3.5B072300 – техникалық физика – 4 жыл, күндізгі бөлім;
- 4.5B061100 - астрономия, 4 жыл, күндізгі бөлім;
- 5.5B071000 – материалтану және жаңа материалдар технологиясы

– 4 жыл, күндізгі бөлім.

6.5B073200 – стандарттау, сертификаттау және метрология – 4 жыл, күндізгі бөлім;

7.5B071900 – радиотехника, электроника және телекоммуникация – 4 жыл күндізгі бөлім.

Факультетте жастардың білімін жалғастыруға мүмкіндіктер қарастырылған, яғни, магистратура бойынша 10 мамандық және докторантура бойынша 8 мамандық бағытында замануи жаңалықтарды қамти отыра білім береді.

Осы оқу жылында университетте 20000 – ға жуық студенттер білім алып, 2500 – ден астам оқытушылар, олардың ішінде: 27 ҰҒА академигі, 6 Халықаралық жоғары мектеп академиясының академигі, 400-ден аса профессорлар мен докторлар, 800 ден астам кандидаттар мен доценттер еңбек етеді. ҚазҰУ Республикадағы іргелі зерттеу бағдарламалары жалпы мөлшерінің 50% жүргізілетін 20 ғылыми-зерттеу институты мен халықаралық ғылыми орталық болып табылады. Сонымен қатар, университетте көптеген ғылыми танымдық мұражайлар студенттерге қызмет атқарады. Солардың негізгілері – «ҚазҰУ-не 75 жыл», «Биология факультетінің мұражайы», «Палеолит мұражайы», т.б.

Университеттің жаратылыстану бағытындағы факультеттер жыл бойы ғылыммен айналысып, студенттер мен магистрларды өз салалары бойынша мықты маман етіп шығарады. Университеттің қабырғасында шетелдерден келген қандастарымыз ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде 1 жыл дайындықтан өтіп, білім алады және өз бақтарын сынап, еліміздің түрлі оқу орындарына ҰБТ тапсырып, студент атанып жатыр. Жаратылыстану бағытында оқитын топтарды физика, биология, химия, география, математика факультеттеріне саяхат жасатып, факультет оқытушыларымен, студенттерімен кездестіріп пікір алмастырып отыру оқу процесінде жүріп жатады. Сондай – ақ Жас биолог үйірмесінің мүшелері биология факультетіндегі мұражайға саяхат жасап, жер бетінен жойылған Тұран жолбарысының тұлыбын тамашалап, таң қалысып жатты. Университетімізде барлық факультеттер өз ара тығыз жұмыс жасап, кездесулер, дөңгелек үстелдер өткізіп отырады.

ҚазҰУ – ін Қазақстан Республикасының аса ерекше, жетекші жоғарғы оқу орны ретінде мақтан тұтамыз.

*Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің
аға оқытушылары:*

БЕКАЛАЙ Н.Қ., САРИЕВА А.К., ҮСЕНБЕКОВА А.Е.

ҚАЗАҚ КҮНТІЗБЕСІ ЖӘНЕ АМАЛ ЕСЕБІ ТУРАЛЫ

Жәнебіл КӨТІБАЙҰЛЫ

*Сағсайлық журналист
Құрыш қалам иегері*



Қазақ халқының үркер шоқжұлдызының қозғалысына негіздеп жасаған дәстүрлі күнтізбесін «Тоғыс есебі» деп атаған. «Айдың үркерді басып өтуі – тоғыс деп аталады. Осы үркерге қарап қыс пен жаздың басын анықтаған. Халықтың «Үркер шаңырақтан көрінсе үш ай тоқсан қысың бар, ел жатқанша үркер жанбасқа келсе жаз шықпағанда несі бар» деп, тәмсілдеген. Күз басында үркер іңірде күншығыстан, қыс басында іңірді төбеде, көктем басында іңірді күн батыстан көрінеді. Дәл тоғыс кезінде үркер айдың арғы жағында тасада қалады да, жердегі адамдарға көрінбейді. Ай жылжып өткен соң тоғыс аяқталып, үркер көрінеді. Бір тоғыстан екінші тоғысқа дейінгі мерзімді тоғыс айы деп атайды. Үркер, күн мен айдың орбитасына жақын болғандықтан оған қатысты күн мен айдың орналасуына қарап жыл мезгілін, айдың қай тоғыс екендігін анықтап отырған. Күнтізбені үркердің қозғалысына орай көшпелі халық шаруашылығын, науқанды жұмыстарын да тоғыс есебіне сәйкес жоспарлаған.

Алаштың бір бөлігі Керей руының күнтізбе амал есептерінің атауы, келетін уақытында өзіндік ерекшелік бар. Бүгіндері тоғыс есебін жүйрік білетін есепшілер мен дана қариялар азайып әркім әртүрлі айтып жүр. Алтай Керейлерінің көбі Шыңжаңда болғандықтан сол жақта жақсы дамыды. Амал дегеніміз көптеген құрлықты қамтитын суық ағыстар. Осы суық ағыстарға бейғам отырған қарапайым малшы қауым тап болып шығынға ұшырап жүрген кездері көп болған. Әр айда 13 тоғау бар. Ескіше ай есебінде 7 ай 29 қонақпен, 5 ай 30 қонақпен есептеліп барлығы 353 күн болады. Ал, милады күнтізбесі бойынша 365 күн. Екі

түрлі жыл санау арасынан үш жылда бір айдың уақыты шығып 13 ай болады. 13 тоғау деген осыдан шыққан. Бір ай жұп тоғайды. Өткен 2022 жылда 13 ай болды. Күздің орта айы біреуі 16-ында, біреуі 17-інде тоғады. Моңғол ағайындар өз жұлдыздамасы бойынша әр мезгілді 4 ай болдырып есептейді

Ата-бабаларымыз амалды былайша есептеп, шаруашылығын осыған үйлестіріп келген.

Жыл басы көкек, 2-ай кезі жетісінде тоғайды. Мамыр, 3-ай кезі бесінде тоғайды.

Маусым, 4-ай кезі үшінде тоғайды. Бұл үшеуі жазғытұрымғы көктем айлары.

Шілде, 5-ай кезі бірінде тоғайды.

Тамыз, 6-ай кезі 23-інде тоғайды.

Мизам, 7-ай кезі 21-інде тоғайды. Бұлар жаз айларына саналады.

Қазан, 8-ай кезі 19-ында тоғайды.

Қараша, 9-ай кезі 18-інде тоғайды.

Желді, 10-ай кезі 15-інде тоғайды. Бұлар күз айлары.

Қаңтар, 11-ай кезі 13-інде тоғайды.

Үштің айы, 11-інде тоғайды

Бірдің айы, 1-ай кезі 9-ында тоғайды. Бұлар қыс айларына жатады.

Ақпан амалы – үштің айының онында кіріп, он бесінде шығады. Халық аңызында Ақпан-Тоқпан есімді ағайынды екі жігіт кезекпен қой бағады екен. Ақпан қой жайған күні ауа райы кенеттен бұзылып, қоймен бірге ығып, далада үсіп өлген. Сол қыс жұтқа айналып, содан ақпан амалы қалған дейді

Үт амалы – үт айының жиырмасында кіріп, жиырма бесінде шығады. Үт деген несие мал жинаған сарт деседі.

Наурыз амалы – бірдің айының онында

кіріп, он бесінде шығады. Қалмақтың батыры Қазақтың жылқысын барымталап жүріп үсіп өлген амал деседі. Осы күні бұрынғы үлкен қариялар тілеу көже жасап тойлап отырған.

Өз амалы – бірдің айының жиырмасында кіріп, жиырма бесінде шығады. Өз деген сері жігіт ат үстінде бұрқасында өлген деседі.

От амалы – көкектің онында кіріп, он бесінде шығады. Сіркіңе жоқ заманда көрші ауылдан от алуға барған әйел қайтып үйіне жеткенше бұрқақтан адасып үсіп өледі. Осыдан от амалы атанған. Керейлерде «от амалы - оңына бақса от алғанша, терісіне бақса оталғанша» деген тәмсіл сөз бар

Сәуір амалы – мамыр айының онында кіреді. Бұрын Алтайда қардың шеті сөгіліп жылқы сары сірікке тойып бір байдың 40 сәуірігі жылқының тынышын ала берген соң қышқаштап тастап, сол күні ақ түтін боран соғып қырылып қалыпты. Содан сәуір атанған деседі Кейбір жылы сәуірде ауа райы бұзылып 40 күнге жалғасады.

Саратан Зауза амалы – мамыр айының онында кіріп, он бесінде шығады. Сары атан түйеге мінген Зауза атты байдың жалғыз қызы малдың отарына азық түлік жеткізіп бара жатып, жолда бұрқасында үсіп өлген дейді. Содан Саратан-Зауза атанған

Құралайдың салқыны – маусымның аяғы, шілденің басында кіріп 5-10 жалғасып аяқталатын амал. Қоңыр аңның төлдеуі кезінде кіретін суық ағыс

Амалдар салдарынан бірде батыста, бірде шығыста әр өлкеде ауа райының қолайсыздығы білінеді. Кейінгі жастар біле жүрсе екен деп, жазып отырмын.